

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы 11-апта

Білім беру ұйымы: «Дән» бөбекжайы МКҚК
 Топ: Әр түрлі жастағы «Қарлығаш» тобы
 Балалардың жасы: 3,4.
 Жоспардың құрылу кезеңі 10.11-14.11.2025

Тәрбиешілер: Калымсеитова А.К., Оразғали Ә.М

Күн тәртібі	Дүйсенбі 10.11.2025	Сейсенбі 11.11.2025	Сәрсенбі 12.11.2025	Бейсенбі 13.11.2025	Жұма 14.11.2025
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Ойын орталықтарындағы балалардың еркін ойындары, күзгі ауа-райы, ойыншықтар, демалыс күндері, алдағы күн туралы сөйлесеміз, балалардың тілектерін тыңдаймыз. (сөйлеу белсенділігін дамыту-сұрақтарға жауап беру, басқалардың сөйлеуін есту және тыңдау қабілеті, коммуникативті, ойын әрекеті арқылы) Сөздік қоры: Сәлеметсіз бе, Сәлеметсіздер ме!				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	«Адал азамат» бағдарламасы құндылық- «Бірлігі күшті ел озады!» Ата-аналармен балалардың денсаулығы, ауа-райы, киінуі бойынша әңгімелесу. Баланың жағдайы, денсаулығы туралы, баланың үйдегі күн тәртібі туралы, тәрбиесі туралы, жаңадан келген балалардың бейімделу кезеңі туралы сұрақтар бойынша ата-аналармен жеке әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар) (Менің Қазақстаным)	<p>Шаттық шеңбер. (музыка-ойын әрекеті арқылы музыканың айтылу сипатына сәйкес музыкалық қозғалыстар жасау.) «Мен шыншыл баламын» Арым таза, ақ көңіл, Адалдыққа сенемін. Абыройлы ақ ниет, Адамдыққа сенемін!</p> <p>«Адал азамат» бағдарламасы «Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Әнұраны Әңгімелесу: «Өзіне және өзгелерге көмектес» (танымдық, ойын әрекеті арқылы қоршаған ортамен танысу) Міндеті: «қамқорлыққа», «өзіне және өзгеге» деген қамқорлық ұғымдарымен таныстыру, санасына, өзіне, жақын туыстарына, достарына деген қамқорлық сезімін қалыптастыру және дамыту. - Адамдарға, айналасындағыларға қамқор, кішіпейіл, мейірімді, қайырымды болуға үйрету; - Достарына, жанұясына, туыстарына сүйіспеншіліктерін арттыру; - Қамқор болуға тәрбиелеу; Сөздік қоры: қамқор, мейірімді. Апталық тақпақ: (көркем әдебиет - өлеңнің мазмұнын түсінеді) Достар бірге жүреміз,</p>				

	<p>Бірге ойнап күлеміз. Бірге балық аулаймыз, Міне, біздер қандаймыз! Еңбек: табиғат бұрышында, ойын бұрышында, шығармашылық бұрышында . Мақсаты: табиғат бұрышындағы өсімдіктерге, балықтар мен тасбақаларға күтім жасауға көмектеседі, тәрбиешіге аквариумға күтім жасауда қолдан келгенше көмек көрсетеді, ойын бұрышында тәртіпті сақтайды және ойыншықтар жинауға көмектеседі.</p>				
Ертеңгілік жаттығу	№ 11 Таңғы жаттығу кешені (физикалық белсенділікті дамыту) "Көңілді жаттығу"				
Таңғы ас	<p>Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою, тақпақ: (көркем әдебиет - өлеңнің мазмұнын түсінеді) Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. (көркем сөзін қолдану) Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; әдептілікті сақтау; Балалардың ұқыптылығын бағалау. Сөздік қоры: Рахмет.</p>				
Ұйымдастырылған іс әрекетке дайындық	<p>«Қандай өсімдік екенін тап» ойыны. Міндеті: затты сипаттауға және оны сипаттамасынан білуге үйрету, есте сақтау қабілетін, зейінін дамыту. (коммуникативтік ойын әрекеті)</p>	<p>Д/о: «Кім (не) ұшады?» Міндеті: жануарлар, жәндіктер, құстар туралы білімдерін бекіту, зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту.(шығармашылық, танымды іс-әрекет)</p>	<p>Саусақ ойыны «Аралар» Міндеті: саусақ бұлшық еттерін жетілдіріп, сөздік қорын дамыту (танымдық, ойын әрекеті)</p>	<p>Д.ойын: «Өз үйінді тап» Міндеті: Түстерді ажырата білуге үйрету.Әр үйшіктің өзі түсіне тән жапырақшаларын шапшаң тауып кіргізе білу қабілеттерін жетілдіру.(әлеуметтік ойын әрекет)</p>	<p>Сюжетті-рөлдік «Дүкен» ойыны. Міндеті: балаларды заттарды ортақ белгілері бойынша жіктеуге үйрету. (коммуникативтік ойын әрекеті)</p>
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<p>Тіл дамыту, көркем әдебиеті 3 жас «Үй жануарлары» ойыны Міндеті: Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тындай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын</p>	<p>Дене тәрбиесі (дене шынықтыру нұсқаушысының жұмыс жоспары бойынша) Тіл дамыту, көркем әдебиет «Жартысын тап» ойыны</p>	<p>Математика негіздері «Ұқсасын тап» ойыны 3 жас Міндеті: Уақытты бағдарлау:таңертен</p>	<p>Дене тәрбиесі (дене шынықтыру нұсқаушысының жұмыс жоспары бойынша) Математика негіздері «Көңілді көжектер мен көнжықтар» Ойыны.</p>	<p>Музыка «Үнінен таны» ойыны. 3 жас Міндеті: Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тындауға, оларды есте сақтауға және білуге;</p>

<p>бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Сөздік қоры: сиыр, жылқы, қой</p> <p>4 жас Міндеті: Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. Халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, жұмбақ шешу. Сөздік қоры: сиыр, жылқы, қой, ешкі</p> <p>Математика негіздері «Құстар» ойыны. 3 жас Міндеті: Кеңістікті бағдарлау. Үстінде-астында Сөздік қоры: құстар.</p> <p>4 жас Міндеті: Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау,</p>	<p>3 жас Міндеті: Дауысты (ұ) дыбысын анық айтуға үйрету, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау. Сөздік қоры: алма, алмұрт, банан.</p> <p>4 жас Міндеті: Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Сөздік қоры: шие, алма, алмұрт, өрік.</p> <p>Математика негіздері «Сықырлы пішіндер» ойыны. 3 жас Міндеті: Үшбұрышпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. Сөздік қоры: үшбұрыш, дөңгелек.</p> <p>4 жас</p>	<p>Сөздік қоры: таңертең</p> <p>4 жас Міндеті: Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. Сөздік қоры: таңертең, күндіз, кеш, түн.</p> <p>Дене тәрбиесі (дене шынықтыру нұсқаушысының жұмыс жоспары бойынша)</p> <p>Тіл дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі «Ненің төлі жоқ» ойыны 3 жас Міндеті: Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу. Сөздік қоры: ит, мысық, ат, сиыр, қой.</p> <p>4 жас Міндеті: Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы</p>	<p>3 жас Міндеті: Көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру Сөздік қоры: көжектер мен қонжықтар</p> <p>4 жас Міндеті: Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Сөздік қоры: көжектер мен қонжықтар</p> <p>Тіл дамыту, көркем әдебиет «Ұшады-ұшпайды» ойыны. 3 жас Міндеті: Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу.</p> <p>Сөздік қоры: доп, текше, асық, күрек, торғай, қарға.</p>	<p>шығарманы соңына дейін тындауға үйрету. Сөздік қоры: билейік, ән айтамыз.</p> <p>4 жас Міндеті: Ағаш қасықтармен, асатаяқ, сазсырнайда, барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау. Сөздік қоры: билейік, ән айтамыз</p> <p>Математика негіздері «Менің айналамдағы заттар» ойыны 3 жас Міндеті: Заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) Сөздік қоры: үстел, орындық.</p> <p>4 жас Міндеті: Екі қатарда орналасқан заттар</p>
---	---	--	---	---

<p>берілген бағытта қозғалу(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен</p> <p>Сөздік қор:кқұстар.</p> <p>Қоршаған әлеммен таныстыру. «Жақсы және жаман әрекет» ойыны. 3 жас</p> <p>Міндеті: Өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту.</p> <p>Сөздік қоры: жақсы,жаман</p> <p>4 жас</p> <p>Міндеті: Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру.</p> <p>Сөздік қоры: жақсы,жаман</p>	<p>Міндеті:Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру.</p> <p>Сөздік қоры: дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш.</p>	<p>сөйлеммен жауап беру.</p> <p>Сөздік қоры: қозы, қой, лақ, ешкі, сиыр, бұзау.</p>	<p>4 жас</p> <p>Міндеті: Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру.</p> <p>Сөздік қоры: доп, текше, асық, күрек, торғай, қарға, көгершін.</p>	<p>тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру.</p> <p>Сөздік қоры: үй, есік, терезе.</p> <p>Тіл дамыту, көркем әдебиет: «Мен бастаймын сен жалғастыр» ойыны. 3 жас</p> <p>Міндеті: Дауысты (ұ) дыбысын анық айтуға үйрету, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау.</p> <p>Сөздік қоры: ұшақ, тік ұшақ.</p> <p>4 жас</p> <p>Міндеті: Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру.</p> <p>Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.</p> <p>Сөздік қоры: қара, жасыл, сары, қызыл, қоңыр.</p>
--	--	---	---	--

Серуенге дайындық №1	Серуен №11. Балаларда өзіне қызмет көрсету дағдысының дамуын жетілдіру (өз шкафтарынан киімдерін шығарып, киіну реттілігін сақтау, дұрыс киінуді үйрену және досына киінуге көмектесу). (еңбек ойын әрекеті)				
Серуен №1	<p>Кешен № 11 Ауладағы ағаштарды бақылау Міндеті: ағаштар туралы түсініктерін кеңейту, бағыт-бағдарды тандап, бақылаулар жүргізеді. Еңбек әрекеті: Ағаш түптерін жинау. Міндеті: бірлесе еңбек етуге, ағаштарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Көжектер мен түлкілер» Міндеті: ойын мазмұнына сай қимылдар жасайды, шапшаң, жылдам болуға дағдыланады.</p>	<p>Кешен №11 Ауа райын бақылау Міндеті: күз мезгілі туралы түсініктерін молайтады. Еңбек әрекеті: ағаш түптерін жинау. Міндеті: бірлесе еңбек етуге, ағаштарға қамқорлық жасауға тәрбиеленеді. Қимылды ойын: «Аю» Міндеті: ойын мазмұнына сай қимылдар жасайды, шапшаң, жылдам болуға дағдыланады.</p>	<p>Кешен №11 Күз мезгіліндегі желді бақылау Міндеті: күз мезгіліндегі желдің салқын болатынын айту. Еңбек әрекеті: учаскедегі шашылған қағаздарды жинау. Міндеті: бірлесе еңбек етуге, ағаштарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Доп» Міндеті: ойын мазмұнына сай қимылдар жасайды, шапшаң, жылдам болуға дағдыланады.</p>	<p>Кешен №11 Құстарды бақылау Міндеті: бағыт-бағдарды тандап, бақылаулар жүргізеді. Еңбек әрекеті: құстарға жем шашу. Міндеті: еңбек сүйгіштікке тәрбиеленеді. Қимылды ойын: «Өз үйінді тап» Міндеті: шапшаң, жылдам болуға дағдыланады. (дене қозғалысы)</p>	<p>Кешен №11 Жаңбырды бақылау Міндеті: күз мезгілі туралы түсініктерін молайтады. Еңбек әрекеті: құм салғыштағы құмды күрекшелерімен көтеру. Міндеті: бірлесе еңбек етуге, ағаштарға қамқорлық жасауға тәрбиеленеді. Қимылды ойын: «Шарды ұстау» Міндеті: ойын мазмұнына сай қимылдар жасайды, шапшаң, жылдам болуға дағдыланады.</p>
Серуеннен оралу	<p>«Адал азамат» бағдарламасы. «Үнемді тұтыну» Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, шкафтарға салуы және қатарластарына көмек көрсетуі. Мәдени-гигиеналық дағдылар Су- тіршілік көзі. Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. (еңбек әрекеті)</p>				
Түскі ас	<p>Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою) Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану) Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау. Сөздік қоры: Рахмет.</p>				

Күндізгі ұйқы	«Адал азамат» бағдарламасы. Күй күмбірі- балалардың тыныш ұйықтауы үшін қолайлы жағдайлар жасау, ертегі оқу немесе бесік жырын айту, ұйқыға арналған музыканы тыңдау. (ән тыңдау – шығармашылық әрекеті)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	№ 11 кешен:Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі). Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету Шомылған баланы, Аймалап алады. Сүртеді қолынды, Сүртеді жонынды. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы 4 жас (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою) Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану) Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау. Сөздік қоры: қолды жуу, сүлгі, ас болсын!				
Балалардың дербес іс-әрекеті	Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру Ойын: «Қысқы ағаштар» 3 жас Міндеті: Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Сөздік қоры: ағаш 4 жас Міндеті: Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау,	Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру Ойын:«бағдаршам» 3 жас Міндеті: Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін қолдану (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау). Сөздік қоры: бағдаршам 4 жас Міндеті: Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен	Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру Ойын:«Қоянға арналған баспалдақ» 3 жас Міндеті: Бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу. Сөздік қоры: қоян 4 жас Міндеті: Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.	Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру Ойын:«Қуыршаққа арналған ыдыс аяқтар.» 3 жас Міндеті: Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Сөздік қоры: кесе, қасық, тәрелке. 4 жас Міндеті: Мүсіндеуде қысу, тарту, басу	Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру Ойын:«Шағылысқан күн сәулесі» 3 жас Міндеті: Өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. Сөздік қоры: күн 4 жас Міндеті: Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң

	бөліктерді біріктіру. Сөздік қоры: ағаш	желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. Сөздік қоры: бағдаршам	Сөздік қоры: қоян	әдістерін қолдану. Сөздік қоры: кесе, қасық, тәрелке.	оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. Сөздік қоры: күн
Балалармен жеке жұмыс	Балалармен жеке жұмыс жеке карталарға сәйкес жүргізіледі: әңгіме, дидактикалық ойындар, сөйлеудің дыбыстық мәдениеті, байланыстырып сөйлеу, бейнелеу өнері арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту және т. б. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері)				
	3 жас 1.Амантай Әмина 2.Аманай Ансар 3.Аукен Жұлдыз 4.Байжуманова Назым Ойын:«Артығын тап» Міндеті: Тіл байлықтарын, сөздік қорларын молайту. Тапқырлық қабілеттерін дамытып, ойынға деген қызығушылықтарын дамыту. (Тіл дамыту-коммуникативтік қызмет)	4 жас 1.Бейсенова Аружан 2.Қанат Мерген 3.Мұқажан Нармина 4. Даурен Рамина 5.Серік Бахытжан Ойын:«Балабақша» Міндеті:Балаларға балабақша қызметкерлері туралы, олардың қызметтері туралы түсінік беру. Үлкендердің қызметіне қызығушылықпен қарауға тәрбиелеу. (Тіл дамыту коммуникативтік қызмет)	3 жас 1.Есмағамбетов 2.Алдияр 3.Жанар Аяулым «Бір сөзбен ата» Міндеті: сөздік қорын дамыту (Математика негіздері – танымдық қызмет)	3 жас 1.Жетпыспай Алинұр 2.Қайрат Муслим 3.Құрманбай Баймұрат 4.Марат Аяулым Ойын: «Не артық?» Міндеті: суреттерді салыстыру арқылы ойлау қабілетін дамыту. (Тіл дамыту – коммуникативтік қызмет)	3 жас 1.Махсұт Тамерлан 2. Мұрат Данелия 3.Нағметулла Асан 4.Серікбек Асылым 5.Талап Нарқыз Ойын:«Қім тапқыр» Міндеті: Заттың түр түсін, пішінін , атын атауға жаттықтыру, сөздік қорын молайту, ойлау қабілетін дамыту, ойынға қызығушылығын арттыру. (Тіл дамыту – ойын, танымдық және коммуникативтік қызмет)
Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмысы	«Саусақтар сәлемдеседі» ойыны. Шарты:Мұнда бас бармақ ұшы әр саусақтың ұшымен кезекпен түйседі. «Адамдар келеді». Оң қолдың сұқ саусағы мен	«Моншақ»ойыны. Шарты:Қызыл-сары көк моншақ. Мен жасаймын көп моншақ. Мұнда қатар екі қолдың бас бармағымен сұқ саусақтарының ұшын	«Жасырылған затты тап» ойыны. Шарты:Мысалы, ойыншық аюды не қуыршақты жасырып сұрағанда бала аю шкафтың үстінде, қуыршақ төсектің астында, немесе доп столдың жанында,	Артикуляциялық жаттығулар Тілге арналған жаттығу. «Тәтті тосап»-тілдің ұшымен үстіңгі және астыңғы ерінді жалау. Аманай Ансар	Артикуляциялық жаттығулар Тілге арналған жаттығу. «Сылақшы»—тілдің ұшымен тандайды әрлі-берлі сылау. Аманай Ансар

	ортаңғы саусақтарын жүрген тәрізді етіп қимылдатады. Аманай Ансар Құрманбай Баймұрат	түйістіре отырып, моншақ тәрізді бейнелейді, әрі оларды тізбектеп жасауға үйрету. Аманай Ансар Құрманбай Баймұрат	мысық үйдің үстінде отыр,- деп жауап береді. Сөйлемдегі орны бос сөздерді тауып сөйлем құрап айтуға үйрету. Аманай Ансар Құрманбай Баймұрат	Құрманбай Баймұрат	Құрманбай Баймұрат
Кешкі ас	Мәдени-гигиеналық дағдыларды дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендерді құрметтеу және еңбектерін бағалауды үйрету. Өзіне қызмет көрсету дағдыларын, ұқыпты тамақтануды, асхана аспаптарын қолдануды жетілдіру. Кезекшілік: кезекшілік бұрышындағы кесте бойынша. 4 жас Тақпақ: (сөйлеуді дамыту – танымдық, шығармашылық әрекеті) Нан қиқымын шашпандар, Жерде жатса баспандар. Теріп алып қастерлеп, Торғайларға тастандар. Сөздік қоры: Ас болсын! Рақмет!				
№ 2 серуенге дайындық	Серуен №11. Балалар өзіне қызмет көрсету дағдысының дамуын жетілдіру (өз шкафтарынан киімдерін шығарып, киіну реттілігін сақтау, дұрыс киінуді үйрену және досыңа киінуге көмектесу) (физикалық белсенділігін дамыту)				
№ 2 серуен	Қоршаған ортамен танысу (зерттеу ойын әрекеті) №1 серуенді бекіту Қимылды ойын: «Күннің көзі мен жаңбыр» Міндеті: Тәрбиешінің берілген белгісі бойынша тез әрекет етуге дағдыландыру Сөздік қоры: асықпа, күт, көмектес	Қоршаған ортамен танысу (зерттеу ойын әрекеті) №1 серуенді бекіту Қимылды ойын: «Ақ серек пен көк серек» Міндеті: Жылдам жүгіруге, көздеуге, ептілікке үйрету Сөздік қоры: асықпа	Қоршаған ортамен танысу (зерттеу ойын әрекеті) №1 серуенді бекіту Қимылды ойын: «Арқан тарту» Міндеті: Жылдамдыққа, ептілікке үйрету. Сөздік қоры: асықпа	Қоршаған ортамен танысу (зерттеу ойын әрекеті) №1 серуенді бекіту Қимылды ойын: «Өз жұбыңды ізде!» Міндеті: Қимыл ептілігін дамыту, есте сақтау қабілетін арттыру. Сөздік қоры: асықпа	Қоршаған ортамен танысу (зерттеу ойын әрекеті) №1 серуенді бекіту Қимылды ойын: «Кім көп сөз біледі?» Міндеті: Балалардың ой-өрісін дамыту. Сөздік қоры: асықпа, күт, көмектес
Балалардың үйлеріне қайтуы	«Адал азамат» бағдарламасы «Өнегелі 15 минут» Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту. Сөздік қоры: Сау болыңыз, Сау болыңыздар!				

Тексерілді: Масманбетов Кенес Әдіскер: Капасова А.С.

Серікбаев 10.11.2025